

Халықтық және дәстүрлі емес медицинаны алдағы уақытта дамыту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2002 жылғы 17 маусымдағы N 587 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 20 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 1925. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2006 жылғы 10 қарашадағы N 532 бұйрығымен

Ескерту: Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2006 жылғы 10 қарашадағы N 532 бұйрығымен

"Қазақстан Республикасындағы азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 мамырдағы Заңының 64-бабын орындау мақсатында бұйырамын:

1. Қоса беріліп отырған Халықтық және дәстүрлі емес медицина әдісімен емдеу құқығына үміткерлерге куәлік беру ережесі бекітілсін.

2. Емдеу-алдын алу жұмысы департаментінің (Х.А.Сағын) және медициналық ғылым және білім департаментінің директорлары (Н.Қ.Хамзина) халықтық және дәстүрлі емес медицина әдісімен емдеу құқығына үміткерлерге куәлік беруді бақылауға алысын.

3. Облыстардың, Астана және Алматы қалалары денсаулық сақтау басқармаларының (департаменттерінің) бастықтары осы бұйрықтың орындалуын ұйымдастырсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Емдеу-алдын алу жұмысы департаментінің директорына (Сағын Х.Ә.) жүктелсін.

5. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап іске асырылады.

Министр

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігінің
2002 жылғы 17 маусымдағы
N 587 бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасында халықтық және дәстүрлі емес медицина әдісімен емдеу құқығына үміткерлерге куәлік беру Ережесі

Осы Ереже халық денсаулығын және өмірін қорғауды, сондай-ақ дәстүрлі емес және халықтық медицина әдістерімен халыққа сапалы медициналық қызмет көрсету мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында халық денсаулығын қорғау саласындағы орталық уәкілетті мемлекеттік органының (бұдан әрі - уәкілетті орган) Қазақстан Республикасында халықтық және дәстүрлі емес медицина әдісімен емдеу құқығына үміткер адамдарға куәлік беру тәртібін белгілейді.

1. Қазақстан Республикасында халықтық және дәстүрлі емес медицина әдісімен емдеу құқығына үміткерлерге куәлік беруді халық денсаулығын қорғау саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

2. Жеке тұлғалар халықтық және дәстүрлі емес медицина әдісімен емдеу құқығына үміткерлер болып табылады.

3. Қазақстан Республикасында халықтық және дәстүрлі емес медицина әдісімен емдеу құқығына үміткер адамдар уәкілетті органға мынадай құжаттар ұсынуы керек:

1) өтініш;

2) өмірбаян;

3) жеке куәлігінің көшірмесі;

4) еңбек кітапшасының (бар болса) немесе жеке еңбек келісімінің, не қабылдау және босату бұйрықтарының көшірмесі;

5) бекітілген формадағы денсаулығы туралы анықтама;

6) дәстүрлі емес медицина қызметін жүзеге асыруға мемлекеттік лицензиясы бар, үміткерлердің 6 айлық жұмысының қорытындысы бойынша денсаулыққа қолданылатын халық медицинасы және дәстүрлі емес медицинаның емдеу әдістерінің жарамдылығы және қауіпсіздігі туралы облыстық денсаулық сақтау органы анықтаған мемлекеттік медициналық ұйымдардың қорытындысы.

4. Уәкілетті орган халықтық және дәстүрлі емес медицина әдісімен емдеу құқығына үміткерлердің ұсынған құжаттарын қарау жөніндегі мәжіліс өткізеді.

Құжаттар 30 күн ішінде қаралады.

5. Құжаттарды қарау нәтижесі бойынша мынадай шешімдердің бірі қабылданады:

1) куәлік беру туралы шешім;

2) куәлік беруден бас тарту туралы шешім.

6. Куәлік беруден бас тарту туралы шешім шығарылады, егер:

1) осы санаттағы субъекті үшін заңнамалық актімен көрсетілген қызметтің түрін жүзеге асыруға тыйым салынса;

2) осы Ереженің 3-тармағында көрсетілген құжаттар толық ұсынылмаса;

3) арыз берушіге қатысты оған емдеудің осы түріне және медициналық көмек көрсетуге тыйым салынған соттың шешімі бар болса;

4) үміткердің жай-күйі денсаулық жағдайы туралы анықтаманың

қорытындысы бойынша емдеудің осы түрін жүзеге асыруға мүмкіндік бермесе.

Куәлік беруден бас тартқан жағдайда, үміткерге жазбаша түрде бас тарту себебінің негіздемесімен куәлік беруден бас тарту туралы хабарланады және куәлік беру үшін белгіленген мерзімде ұсынылған барлық құжаттар қайтарылып беріледі.

7. Заңнамада белгіленген тәртіппен үміткер осы шешімге байланысты шағымдануы мүмкін.

8. Дұрыс шешім шығарылған жағдайда үміткерге куәлік беріледі.

9. Куәлік беру туралы шешім Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрығымен рәсімделеді.